

## **Морфологиялық категориялардың семантикалық және құрылымдық белгілері**

Грамматика теориясы қай бағытта зерттелсе де, теориялық дінгегі оның жалпы заңдылықтарынан алшақтап өзгеріп кетпейді, негізгі грамматикалық ережелерге бағынып тұрады. Сол себепті функционалды бағыттағы зерттеулер дәстүрлі грамматикалық ұғымдарға сүйеніп отырады. Соның негізінде ол бір жағынан өзінің тілдік ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік алса, екінші жағынан сол грамматикалық ұғымдардың тілдік сипатын жаңа теориялық мәселелермен байытып отырады.

Функционалды-семантикалық өріс теориясында дәстүрлі грамматикадағы грамматикалық категориялар ерекше мәнге ие. Олар функционалды-семантикалық өрістерде ядро қызметін атқарады: шақ - категориясы функционалды-семантикалық темпоралдылық категориясының, рай - модалдылық категориясының, жақ - персоналдылық категориясының негізін құрап тұрған категориялар. Грамматикалық категориялардың функционалдық сипатын айтпас бұрын оның морфологиялық (құрылымдық) қырындағы негізгі теориялық мәселелердің басын ашып алу қажет.

Қазақ тіл білімінде грамматикалық категория туралы мәселелер жалпы тіл білімінің теориясына қатысты еңбектерде, сонымен қатар қазіргі қазақ тілінің морфология курсы бойынша жазылған оқулықтарда, жалпы грамматика бойынша жазылған оқулықтар мен ғылыми басылымдарда сөз болып, оның негізгі белгілері, тілдік сипаты айқындалған. Грамматикалық категорияға берілген анықтамалардың көпшілігіне назар аударсақ, қазақ тіл білімінде осы мәселенің егжей-тегжейіне дейін сөз еткен профессор С.Исаев грамматикалық ұғымдар туралы жазған еңбегінде қазақ тілі оқулықтарындағы грамматикалық категория ұғымының мәні біркелкі анықталмай жүргендігін айтады. Осы еңбекке дейін жарық көрген грамматика теориясы туралы еңбектер мен жоғарғы оқу орындарына арналған қазіргі қазақ тілі оқулықтарында, әрине, грамматикалық мағына, грамматикалық форма, грамматикалық категорияның тілдік сипаты арнайы сөз болып келді. Алайда, бұл еңбектерде грамматикалық категорияның аясына нелер жатады дегенде, біз оған сөз таптары категориясы, зат есім категориясы, етістік категориясы сияқты т.б морфологияның нысанына жататын ұғымдардың барлығын грамматикалық категория ретінде қарауға болады деп түсініп келдік. Оған дәлел ретінде мынадай үзінді келтірейік: «Грамматикалық категориялардың өрісі біркелкі болмайды. Кейбір категориялар тым жалпы, әрі өрісті, әрі қарымды болса, кейбір категориялардың өрісі тайыз, қарымы аз, тіпті жалқы да бола береді. Мысалы, тым жалпы категория деп, сөз таптары категориясын, қосымшалар категориясын алсақ, олардың әрқайсысын іштей саралап, әлденеше ірілі-ұсақты жалқы категорияларға бөлуге болады. Айталық, сөз таптары категориясын жалпы ерекшеліктеріне қарай есімдер категориясы, етістіктер категориясы, көмекші сөздер категориясы деп топтасақ, одан әрі есімдер категориясын зат есім категориясы, сын есім, сан есім категориясы деген сияқты жіктеуге бөлумен тынбай олардың әрқайсысын тағы да әрі қарай саралап

отырамыз. Мысалы, есімдіктер категориясын жіктеу есімдігі, сілтеу, сұрау, топтау, белгісіздік, болымсыздық деп, одан әрі бір ғана жіктеу есімдіктерін тағы да дараландырып, жақ категориясын анықтаймыз. Сол сияқты қосымшалар категориясын әуелі жалғау категориясы және жұрнақ категориясы деп жіктеп, одан әрі жалғауларды жоғарыдағыдай көптік жалғау, тәуелдік жалғау, септік жалғау, жіктік жалғау категориялары деп бөлеміз. Жұрнақтарды әуелі сөз тудыратын және сөз түрлендіретін категорияларға, одан әрі іштей жеке сөз таптарына тели бөліп, олардың өзара жіктері мен сыр-сипаттарын ашамыз» [56, 226.].

Осы тәрізді анықтамалардан кейін барлық грамматикалық топқа қатысты категория сөзін тіркестіріп айта беруге болатын сияқтанады. Зат есім категориясы дейміз, сол сияқты етістік категориясы дейміз, оның мазмұн межесі не, тұрпат межесі не, ол форма мен мазмұн бірлігінен тұратын грамматикалық топ құрап тұрма, жоқ па, ол жағы ескерілмейді. Басқалай айтқанда, грамматикалық категория дегеніміз не, оның құзырына қандай грамматикалық бірліктер кіреді, яғни оларға нелер жатады деген мәселеге көңіл аударылмайды.

Грамматикалық категория туралы теориялық мәселелер орыс тіл білімінде жақсы зерттеліп бірізге түскен. Алайда орыс тіл білімінде де ертеректе жазылған ғылыми еңбектерде грамматикалық категорияға нелер жатады деген мәселеде пікір алалығы кездесіп отырды. Л.В.Щерба тілдегі бірдей құбылысты білдіретін топтардың барлығын грамматикалық категория деп қарау керек дейді, А.А.Потебня етістік, зат есім, шақ категориясын т.б. атаумен қатар, жекелеген септіктер (творительный падеж) мен 3 жақты да грамматикалық категория ретінде қарайды [57]. Осы аталған еңбектерден кейін 70-жылдары жазылған М.Докулил еңбегінде де зат есім, бастауыш, осы шақ сияқты тіл бірліктері грамматикалық категория ретінде көрсетіледі [58]. А.В.Бондарко «Теория морфологических категорий» еңбегінде морфологиялық категория ұғымын егжей-тегжейлі талдап, біртектес құбылыстарды білдіретін сөз топтарының барлығы грамматикалық категорияға жатады деген пікірлердің біржақты айтылғандығын атап көрсетеді, грамматикалық категория терминінің мәнін ашып алу қажеттігін, және оған грамматикалық топтардың барлығын жатқызуға болмайтынын айтады. «Сөз таптары - белгілі бір ерекшеліктерге ие сөздердің грамматикалық тобы болса, ал көптік, септік (орыс тіліндегі «род») т.б. грамматикалық категориялар - осы сөз таптарының белгілері болып табылатын белгілі бір жүйемен ұйымдасқан грамматикалық формалар жүйесі. Сондықтан грамматикалық формалар жүйесінің негізінде жатқан сөз топтары мен грамматикалық категорияны бір терминмен атауға болмайды» [59, 9с.].

Құрылымдық (дәстүрлі) грамматикада ғана емес, функционалды грамматикаға арналған оқулықтар мен зерттеу жұмыстарында грамматикалық категория ұғымының мәні, оның тілдік сипаты туралы үнемі айтылып, сөз болып отырады. Әсіресе жаңа бағыт ретінде танылатын функционалды зерттеулерде грамматикалық категориялар функционалды-семантикалық категорияларға қарсы қойылып, салыстырылады. Грамматикалық (морфологиялық) категориялар функционалды-семантикалық категориялардың негізін құрап, көбінесе ядро қызметін атқаратындықтан функционалды бағыттағы зерттеулерде

грамматикалық категориялардың тілдік сипаты, оның ішінде құрылымдық грамматикадағы парадигматикалық сипаты, сондай-ақ сөйлеудегі синтагматикалық сипаты, яғни оның функционалды мағыналарды ұйымдастырудағы тілдік қызметі айқындалып, осымен байланысты грамматикалық категорияның бұрын сөз болмаған жаңа қырлары сипатталып, теориялық мәселелері толықтырылып отырады.

Грамматикалық категория ұғымы, көбінесе, морфологиядағы біртектес мағыналарды білдіретін грамматикалық формалар жиынтығы, сөз таптарының түрлену жүйесі ретінде түсініледі. Қазақ тілі оқулықтарында да грамматикалық ұғымдар мәселесін сөз еткенде грамматикалық категория осы морфологиялық көрсеткіштерді нысанаға алады. С.Исаев грамматикалық категория термині жайлы мынадай пікір айтады: «Грамматикалық категория деген ұғымды ғылыми тұрғыда түсінуде әлі бірізділік, нақтылық пен айқындылық байқалмайды. Грамматикалық категория, ең алдымен, грамматикалық мағынамен және грамматикалық формамен тікелей байланысты. Грамматикалық мағына, грамматикалық форма болмаған жерде грамматикалық категорияның болуы мүмкін емес. Екіншіден, грамматикалық категорияның болуы грамматикалық мағына мен грамматикалық форманың өзара бірлігімен, тұтастығымен, сәйкестігімен, яғни олардың арасындағы диалектикалық сәйкестікпен, ондағы жүйелілікпен байланысты. Яғни кез келген грамматикалық мағына мен қайсыбір грамматикалық форма грамматикалық категория құрай бермейді. Белгілі бір грамматикалық мағыналар бірлігі белгілі бір грамматикалық топ құрайтын сөздерде бар болып, солардың парадигмалық түрлену жүйесі болу арқылы грамматикалық категория құрайды. Үшіншіден, грамматикалық категория сипатына жету үшін грамматикалық мағыналар жиынтығы, бір жағынан, өзара біртектес, бірыңғай сипаттағы, екінші жағынан, бір-біріне қарама-қайшы мәндегі мағыналар болу керек» [2, 546.].

Сонымен, *грамматикалық категория дегеніміз – кемінде екі не одан да көп мазмұндық жағынан өзара мәндес әрі ішінара бір-біріне қарама-қарсы мағынадағы грамматикалық формалар жиынтығы.* Мысалы, қазақ тілінде мұндай категорияларға зат есімнің тәуелдік, жіктік, сын есімнің шырай, етістіктің шақ, жақ т.б. категориялары жатады. Бұл жердегі өзара мәндес мағына деп отырғанымыз бір категорияға жататын парадигматикалық қатардағы әрбір грамматикалық форманың білдіретін жалпы мағынасының олардың барлығына ортақ болып келуі. Мәселен, етістіктің шақ категориясының барлық грамматикалық формалары уақытқа қатысты мағыналарды білдіреді. Мейлің ол осы шақ болсын, не келер шақ болсын, олардың ортақ грамматикалық мағынасы - шақтық мағына білдіру. Сол сияқты жақ категориясының ортақ грамматикалық мағынасы - іс-әрекеттің субъектісін білдіру. Басқа грамматикалық категориялар да осындай ортақ грамматикалық мағынаға негізделеді. Осы ортақ мағыналар жиынтығының болуынан барып олар грамматикалық топ құрап, парадигматикалық жүйеде орналаса алады. Семантикада мұндай ортақ мағына жалпылауыш сема деп аталса, грамматикада категориялық мағына деп аталады. А.В.Бондарко грамматикалық категория құрамындағы мүшелердің тектес мағынаны білдіруінің мәні олардың бірдей жіктемелік ерекшеліктерге негізделген

біртекте құрылымық ақпарат беруімен байланысты екендігін айтады [59, 11с.]. Грамматикалық категориялардың беретін ортақ грамматикалық мағынасы – категориялық мағына болса, бұл мағынаның өзі тілдегі қандай да бір ұғымның тілдік көрінісі болады. Ал ұғым сол мағына туралы адам санасында қорытылып қалыптасқан ақпараттар кешені болып табылады. Тілде мұны тектік ұғым (родовое понятие) деп атайды.

Енді осы грамматикалық категорияға берілген анықтамадағы «ішінара бір-біріне қарама-қарсы мағынадағы грамматикалық формалар жиынтығы дегенде категория парадигмасында тұрған әрбір форманың мағыналық жағынан, сонымен қатар формалық жағынан да бір-бірінен ерекшеленуін айтамыз. Мысалы, етістіктің шақ категориясының ортақ грамматикалық мағынасы уақытқа қатысты мағынаны білдіру болса, парадигмадағы осы шақ іс-әрекеттің сөйлеу кезіндегі уақытын, келер шақ сөйлеу сәтінен кейін болатын іс-әрекетті, өткен шақ сөйлеу сәтінен бұрын болған іс-әрекеттің уақытын білдіреді. Яғни олардың арасындағы айырмашылық категорияның әрбір мүшесінің іс-әрекеттің сөйлеу сәтіне қатысты әрбасқа кезеңдерін (уақытын не шағын) білдіруімен байланысты болады. Осы тұрғыдан категорияның парадигмадағы әрбір мүшесінің екінші бір мүшесіне қарама-қарсылық мәні келіп шығады. Сол сияқты жақ категориясында бірінші жақ екінші жаққа, не үшінші жаққа немесе екінші жақ бірінші жақ пен үшінші жаққа қарама-қарсы, жақ парадигмасында тұрған әрбір грамматикалық форманың жеке грамматикалық мағыналары бірдей емес, ол мағыналар жақтық мағыналарды (1жақ, 2 жақ, 3 жақ) білдіруімен ерекшеленеді. Мұндай жеке мағыналарды семантикада дифференциалды (даралауыш) мағына деп атайды. Сөз болып отырған морфологиялық категорияның құрамындағы мағыналардың қарама-қарсы мағына білдіруі дегенде, ол мағыналар жоғарыда айтылған ортақ мағыналардан мүлдем алшақ жатқан дүние емес, олардың арасындағы мағына ортақтығы сақталады, ал мағыналық қарама-қарсылық грамматикалық түрленуімен байланысты.

Грамматикалық категорияға байланысты жазылған көптеген еңбектерде оның тілдік сипаты біржақты, яғни тек мазмұндық жиынтық болуымен байланысты ғана көрсетіліп отырады. Грамматикалық категорияның формалдық жиынтық, оның ішінде жоғарыда сөз болған қарама-қарсы мәндегі формальдық жиынтық екендігіне назар аударылмайды. Ғалымдардың бір тобы грамматикалық категорияны мағыналық әрі формальдық жиынтық ретіндегі екі жақты құбылыс деп таныса (А.М.Пешковский [60], Л.В.Щерба [61, 65с.], В.В.Виноградов [62], Б.Н.Головин [63], А.И.Смирницкий [64], М.М.Гухман [65] т.б.), екіншілері оның тек мағыналық жиынтық екендігін ғана атап көрсетеді (А.А.Шахматов [66], А.И.Моисеев [67], Г.Н.Воронцова [68] т.б.). Бұл жердегі екі жақты құбылыс деп отырғанымыз грамматикалық категорияның мазмұндық және формальдық сипатымен байланысты, тілде мұны мазмұн межесі (план содержания) және тұрпат межесі (план выражения) деген терминдермен атайды.

Морфологиялық категориялардың мазмұны межесі дегеніміз – категорияның жалпы алғандағы семантикалық әлеуеті, мағыналық мүмкіндігі, категория құрамындағы граммемалардың дифференциалдық мағыналары мен олардың байланысы. Ал тұрпат межесі деп отырғанымыз - категориялық мағыналардың

тілдегі берілуі, қандай да бір грамматикалық формалар арқылы беріліп, сол мағыналардың тұрпаттық сипат алып, жарыққа шығуы, яғни категория құрамындағы сөзформалардың (граммемалардың) формальдық қыры болып табылады. Грамматикалық категория осы мазмұндық және тұрпаттық белгілердің жиынтығынан тұратын екі жақты құрылым. Грамматикалық категорияның бұл екі қыры бірімен бірі байланысты, мағына форманы, форма мағынаны керек етіп тұрады. Ал енді грамматикалық категорияның осы екі белгісінің қайсысы негізгі деген мәселеге келсек, оның мазмұндық қырының (белгісі) басымдық танытатынын мына тілдік құбылыстардан байқауға болады. Айталық, агглютинативті тілдерде грамматикалық категория оппозитивті қатынастағы грамматикалық формалар жиынтығы екендігі анық. Алайда барлық грамматикалық категориялар оппозитивті мәндегі тұрпаттық жиынтыққа құрылмайды. Мысалы, көптік (сан-мөлшер) категориясының *-лар -лер* - ге оппозитивті мәндегі жекешелік мағына ешқандай тұрпаттық жағынан сипатталмаған, яғни ешқандай грамматикалық форма арқылы берілмейді. Ол мағына нөлдік формада түбір семантикасында көрініс тауып, категорияның оппозитивті мүшесі көптік жалғауға қарсы қойылған. Бұдан жекешелік форманың грамматикалық категорияның мазмұндық белгісі бойынша категориялық сипат алғандығын көреміз. Сондай-ақ «етістіктің салттылық-сабақтылық мағынасы түбірдің семантикасы арқылы көрінеді, яғни кез келген етістік түбір ешбір грамматикалық формасыз-ақ я салттылық мағынаны я сабақтылық мағынаны білдіреді» [2, 57 б.].

Бұл айтылғандардан грамматикалық категорияның тұрпаттық қырының категория құрудағы негізгі белгісі емес деген ұғым шықпайды. Грамматикалық категория үшін категория мүшелерінің тұрпаттық қыры, формальдық ұйымдасуы да оны басқа грамматикалық категориялардан ажырататын негізгі белгісі, бірақ грамматикалық категорияның негізінде жатқан категориялық мазмұндық қыры оның ұйымдастырушы типтік белгісі болып саналады да, ал оның формальдық белгілері сол категориялық мағыналарды жарыққа шығаруға, категориялық мақсатты орындауға қызмет ететін тілдік құрал болып табылады.

Грамматикалық категория құраушы парадигматикалық қатарда тұрған әрбір грамматикалық форманы яғни грамматикалық категория мүшесін тілде **граммема** деп атайды. Әрбір морфологиялық категорияның мүшесі ретіндегі жекелеген грамматикалық мағыналар оның мазмұнын (мазмұн межесін) құраса, сол мағыналарды беретін формалар қатары (бардым, бардық, барамыз, барамын, т.б. – бұл формалардың барлығы бірінші жақ граммемалары; сол сияқты: барамыз, бардық, бардыңдар, барасыздар, т.б. – көптік категориясының граммемалары болып табылады) оның тұрпат межесін құрайды. Яғни мазмұны жағынан граммема қандай да бір морфологиялық категория мүшесінің мағынасы болып табылады. Мысалы, 2 жақ, осы шақ, атау септік т.б.

Граммема морфологиялық категория сияқты синтагматикалық тұрғыдан қаралмайды. Оның негізінде парадигматикалық қатынас жатады. Бұл граммеманың тілдегі, тілдік жүйедегі белгісі болып табылады. Сөйлеуде белгілі бір морфологиялық категория құрамындағы граммема парадигматикалық қатынаспен шектелмейді. Әрине, бұл жердегі мәселе граммема синтагматикалық

қатарда тұрып, синтагматикалық қатынас түзеді деген сөз емес. Біздің айтайын дегеніміз, граммемалар тілдік құрылыста (морфологиялық категория құрамында) тұрғанда олардың өзіне ғана тән қандай да бір грамматикалық байлаулы мағыналары болады. Бірақ айтылым кезінде граммемалар өздеріне байлаулы мағыналардан басқа да грамматикалық мағыналарды білдіре алады. Ол мағыналарды граммемалардың (грамматикалық формалардың) жанама грамматикалық мағынасы деуге болады. Айталық, айтылым кезінде грамматикалық шақ формалары модальдық мағына немесе рай формалары шақтық (темпоралдық) мағына білдіруі мүмкін.

Граммемалар айтылымға түспей-ақ тіл жүйесінде тұрғанда да бірнеше грамматикалық мағыналар жиынтығынан тұруы мүмкін. Мәселен, бір граммема бірнеше грамматикалық мағыналарды білдіріп тұрады. *Бардым* граммемасы, біріншіден, сөйлеушіге қатысты бірінші жақ мағынасын білдірсе, екіншіден, сөйлеу сәтіне (уақытқа) қатысы жағынан өткен шақ мағынасын, үшіншіден, жекешелік мағынаны білдіреді. Алайда бұл мағыналарды жеке-жеке алғанда олар әрбасқа морфологиялық категорияларға жататын граммемалар ретінде қаралады. Дәл осы сөзформаны шақ категориясының парадигмасында, сондай-ақ жақ категориясының парадигмасында жіктеп көрсетуге болады.

Граммема тілдің ерекше единицасы емес, арнайы деңгей құрамайды. Сөзформалар қатарында және нақты сөзформада граммема сөздің деңгейінде (сөзформа) қаралады. Осымен байланысты граммема мен морфологиялық категориялар тілдегі парадигматикалық қатынасқа негізделеді дейміз.

Граммеманың семантикалық мазмұны морфологиялық категория үшін алынған оның дифференциалды семантикалық белгілерінің жиынтығына қатынасымен анықталады.

Морфологиялық (грамматикалық) категория граммемаға қарағанда парадигматикалық иерархияның ең жоғарғы сатысында тұрады. Алайда морфологиялық категория мен граммеманың арасында интегративті байланыс бар: парадигматикалық қатынастағы бірдей граммемалардың бір-біріне қарама-қарсы интеграциясы морфологиялық категорияларды түзеді.

Граммема мен морфологиялық категория бір-бірімен байланысты ұғымдар. Бір жағынан граммема болып табылатын формалар қатары морфологиялық категория мүшесі ретінде мағыналық жиынтық құраса, екінші жағынан морфологиялық категориялар біртектес граммемалардың қарама-қарсы жүйесін көрсетеді. Граммемалардың семантикалық мазмұны ортақ грамматикалық мағыналарды білдіріп, морфологиялық категория құраумен өлшенсе, морфологиялық категория үшін сол семантикалық жиынтық өзі ішінде кемінде қандай да бір екі белгісіне қарай ажыратылып, парадигматикалық қатынас құрау қажет. Осы семантикалық мазмұнның әртүрлі белгісін көрсету дәрежесіне қарай морфологиялық категориялар екі мүшелі не үш мүшелі не көп мүшелі болып келеді. Айталық, екі мүшелі грамматикалық категориялар: болымдылық-болымсыздық категориясы, көптік категориясы; үш мүшелі грамматикалық категориялар: етістіктің шақ, жақ категориялары, зат есімнің тәуелдік категориясы. Көптік категориясы қазақ, орыс тілінде екі мүшелі (жекеше, көпше) болса, кейбір тілдерде (мысалы, араб тілінде) «двойственное число» түрін

қосқанда үш мүшелі де болып келеді. Ал септік категориясы көп мүшелі грамматикалық категория болып табылады. Қазақ тілінде септік категориясы жетеу болса, кейбір түркі тілдерінде оның саны оннан асып кетеді. Татар тілінде Ф.А.Ганиев *-ша, -ше, -дай, -дей* т.б. қазақ тілінде сын есімнің, үстеудің құрамында қаралып жүрген қосымшаларды септік парадигмасында берсе, профессор Қ.Жұбанов *-ша, -ше* қосымшасын меңзес септік, ал *-дай, -дей* қосымшасын теңдес септік деп атаған болатын [69].

Сонымен функционалды-семантикалық категориялардың ядросы, негізгі арқауы болып табылатын тілдегі грамматикалық категориялар мынадай белгілері бойынша анықталады:

грамматикалық категория құрамында кемінде екі грамматикалық мағына болу керек;

- ол мағыналар бір-бірімен тектес, мәндес болу керек;

- ол грамматикалық мағыналар өз ішінде оппозитивті не бейоппозитивті қатынастарда тұру керек;

- әрі мәндес, әрі қайшы (оппозитивті) мағыналардың тұтастығы болу керек;

- олар грамматикалық формалар арқылы берілуі керек;

- белгілі бір парадигмалық жүйе құрауы арқылы мағыналық-тұлғалық сәйкестік бір жиынтық болуы керек.

Міне, осындай талаптар мен шарттарға сәйкес келетін тілдік құбылыс қана грамматикалық категория болып таныла алады.

### **Морфологиялық категориялардағы оппозитивті және бейоппозитивті қатынас**

Грамматикалық категориялардың мазмұн және тұрпат межесіне қарай өзара қарама-қарсы мәндегі біртектес грамматикалық мағынаны білдіруі және тұрпаттық жиынтыққа құрылып, оның саны екеуден кем болмау керектігі айтылады. Және грамматикалық категория құрамындағы граммемалар (парадигмада тұрған грамматикалық формалар) бір-біріне қарсы мәнде яғни оппозицияда болу қажеттігі көрсетіледі. «Грамматикалық категория сипатына жету үшін грамматикалық мағыналар жиынтығы, бір жағынан, өзара біртектес, бірыңғай сипаттағы, екінші жағынан, бір-біріне қарама-қайшы мәндегі мағыналар болу керек. Яғни грамматикалық категория – өз ішінде бір-біріне қарама-қайшы сипатта бола алатын бірнеше (кем дегенде екі түрлі) тектес, мәндес грамматикалық мағынаның жиынтығы, бірлігі. Сол бірлік пен өз ішіндегі қарама-қайшылық арқылы соның әрқайсысын білдіретін әртүрлі тәсілдер арқылы немесе соған тән арнайы грамматикалық формалар жүйесі я түрлену парадигмасы арқылы грамматикалық категорияның мәні, сипаты, шегі байқалып, айқындалады» [2, 54 б.].

Тіл бірліктері жеке тұрғанда, өздігінен қандай да бір тілдік заңдылыққа бағынбайды. Тілдік бірлік өзіне қарсы мәндегі көптеген тіл бірліктерімен жүйе құрып, солардың қатарында қаралғанда ғана белгілі бір тілдік заңдылық тұрғысынан сипатталып, тілдік құрылысқа орналасады. «Яғни оппозиция тілдік

жүйелілікке негізделген лингвистикалық концепцияның негізгі ұстанымы болу керек» [70, 183 с.].

Грамматикалық оппозицияны грамматикалық категория құрудың шарты десек те, тілде грамматикалық категория ретінде қаралып жүрген барлық категория осындай қарсы мәнді білдіре ала ма? Олардың грамматикалық оппозиция жасау дәрежесі бірдей ме? А.В.Бондарко оппозицияны грамматикалық категория құрудың бір жолы, тәсілі ретінде таниды.

Грамматикалық оппозиция дәрежесі барлық грамматикалық категорияда бірдей бола бермейді. Олардың бірқатарында категория құрамындағы граммемалар берік (қатаң) оппозицияда тұрса, енді бірінде олар мүлде оппозицияға құрылмайды. Ал кейбір категориялар құрамындағы граммемалар оппозиция жасау жағынан араласып келеді яғни бірінші компонент пен екінші компонент арасында оппозиция болса, ол компоненттер үшінші бір компонентпен оппозиция жасамайды. А.В.Бондарко осындай аралас оппозицияға құрылған грамматикалық категорияға орыс тіліндегі етістіктің рай категориясын жатқызады. Оның пікірінше, ашық рай мен шартты рай (сослагательный) бұйрық раймен оппозиция жасамайды. Ал ашық рай мен шартты рай реалдылық пен ирреалдылық жағынан оппозицияда тұрады. «Бұл мағыналардың барлығы модалдылықтың шеңберіне кіргенмен, бұйрықтық семантика мен ашық рай мен шартты рай мағыналары модалдық қатынастардың екі басқа аспектісіне жатады. Бұл жерде мүшелеудің бірізді ұстанымы жоқ. Категория құрамында оппозитивті қатынас бейоппозитивті қатынаспен бірге алынып, сыйыстырылған [50, 9 с.].

Алайда оппозиция босандығы олардың грамматикалық категория құруына кедергі келтірмейді. Олар мазмұн межесі жағынан мағыналық тұтастықты сақтап, топ (категория) құруға бейімделіп тұрады.

Грамматикалық көптік категориясы орыс тілінде жекеше, көпше түрінде бір-біріне қатаң оппозицияда тұрса, екілік түрі бар тілдерде ол граммема алдыңғы граммемалармен оппозициялық қатынас жасай алмайды. Қазақ тілінде көптік категориясы морфологиялық тұрғыдан көптік жалғауларынан тұрады. Қазақ тілі оқулықтарында ол «көптік жалғау» деген тақырыппен аталады да, оның категориялық сипаты толық көрсетілмейді. Осы мәселені арнайы сөз еткен профессор С.Исаев көптік категориясының грамматикалық оппозицияда тұрғандығын, оның жекешелік мағына екендігін, ол мағынаны нөлдік форма беріп тұрғандығын, осы оппозициялық мағынасының негізінде олардың көптік категориясын құрай алатындығын айтады. «Қазақ тіліндегі көптік категориясы, негізінен, заттың көптік ұғымымен байланысты да, морфологиялық жағынан көптік жалғау арқылы беріледі. Бірақ көптік категория сөз болғанда ол тек көптік жалғаумен ғана шектелмеу керек. Көптік мағына грамматикалық тұрғыдан жекелік мағынаға қарама-қайшы мағына ретінде заттың сандық ұғымының шеңберінде өмір сүреді. Сондықтан бұл категория көптеген тілдерде қазақ тіліндегідей көптік категориясы деп емес, сан категориясы деп аталынады» [255б.].

Сонымен қатар құрылымында бейоппозитивті (оппозитивті емес) қатынас жататын грамматикалық категория - көпмүшелі септік категориясы. Септік жалғауларының семантикалық ядросы – субъект-объектілік қатынасты білдіру



болса, мұндағы атау септік пен табыс септігі субъект және объект болу жағынан оппозиция жасағанмен, көмектес септік, жатыс, барыс септіктері әсіресе ілік септігінің грамматикалық мағыналары біртекті мәнде тұрған жоқ. Сондықтан олардың арасындағы грамматикалық мағыналар да оппозитивті қатынас жасамайды. Бұдан зат есімнің ең негізгі грамматикалық категориясы септік категориясының грамматикалық категория құрау шартының бірі - оппозиция жасау шартына сәйкес келмейтіндігі байқалады. Осымен байланысты оқулықтарда септік категориясының семантикасы (анықтамасы) да дәл беріліп жүрген жоқ. «Көптік, тәуелдік жалғауларына берілгендей, септік жалғаудың (категорияның) мәнін ашатындай тұжырымды бір анықтама беру қиын. Оның қиындығы септік жалғаудың әрі күрделі жеке түрлерінің, ортақтық сипатының өзгеше екендігінде. Көптік (сан-мөлшер), тәуелдік жалғауларының (категорияларының) әрқайсысы өз ішінде бір-біріне қайшы мәндес мағыналардың жиынтығынан тұратын (мысалы, сан-мөлшер категориясында жекелік-жекеше және көпше, тәуелдік категориясында үш түрлі жақ: бірінші айтушы жақ, екінші тыңдаушы жақ), үшінші бөгде жақ және жекеше-көпше немесе оңаша-ортақ мәндер) бір ортақ категориялық мағынаны білдірсе, септік жалғау (категориясы) ондай ортақ категориялық мағынаны білдіре алмайды. Септік жалғау түрлерінің басын біріктіріп, зат есімнің түрлену парадигмасының бір категориялық түрі етіп отырған – септік жалғауларының мағыналық ортақтығынан гөрі қызметтік (сөз бен сөзді байланыстыру сипаты), тек зат есім сөздерге жалғануы немесе басқа сөз табына жалғанса, оны заттандырып тұру қасиеті» [2, 74б.]. А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында: «Сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен жалғастырып, селбестіріп тұратын тұлға» немесе «Сөздердің жалғауларды қабылдау, өзгерту жүйесін сөздердің септелуі деп немесе септеу деп атайды» [56, 58б.].

Демек, С.Исаевтың көрсетуінше, септік жалғаулары грамматикалық категория құруда мағыналық жиынтық (берік оппозициялық қатынас) бойынша емес, қызметтік ортақ сипаттары бойынша топтастырылған. «Сондықтан да септік жалғауларына (категориясына) зат пен оның іс-әрекеті (қимылы), я зат пен заттың (сынның) арасындағы субъектілік, объектілік, меншіктілік-қатыстық, мекендік-мезгілдік, көлемдік, амалдық-құралдық, себеп-мақсаттық сияқты қатынастарды білдіріп, заттық мән үстеп тұратын түрлену тұлғасы деген анықтама беруге болады» [2, 75 б.].

Грамматикалық категориялар құрамындағы граммемалар арасындағы қатынас әрқашан біртектес бола бермейді. А.В.Бондарко орыс тіліндегі жақ категориясының 1, 2, 3 жақ граммемалары бір-біріне іс-әрекеттің субъектіге қатысы жағынан біртекті ұстанымға негізделгенмен, 3 жақтың жансыз (неодушевленный) затты білдіруімен ерекшеленетінін, соған байланысты 1, 2 жақ граммемаларына оппозитивті қатынас жасай алмайтынын көрсетеді [50, 10с.].

Т.В.Булыгина тілдегі оппозиция құбылысын тілдің барлық деңгейлерімен байланысты (фонология, лексика, синтаксис т.б.) қарастырады [70, 188 с.].

Голланд тілінің тілші ғалымы Х.Постың оппозиция әрқашан бір-бірімен байланысты екі түрлі нәрсені біріктіреді, сондықтан ол екі нәрсенің бірі болмаса, екіншісін елестету қиын деген тұжырымдарынан оппозицияның тілдегі ғана емес,

болмыстағы барлық құбылысты танып-білудің бірден-бір шарты бола алатынына көз жеткіземіз.

Жоғарыда берілген ғалымдар пікірлерінде грамматикалық оппозицияның, көпмүшелі категорияларға қарағанда, екі мүшелі категорияларда қатаң сақталатындығы айтылады. Көпмүшелі грамматикалық категориялар негізінен оппозитивті емес немесе бейоппозитивті қатынасқа құрылғанмен, олардың құрамындағы граммемалар арасында оппозитивті қатынаста тұрғандары да кездеседі. Демек, бір категория құрамында оппозитивті және бейоппозитивті қатынаста тұрған граммемалар бола береді. Оппозитивті қатынаста тұрған категориялар біртекті семантикалық ұстанымға негізделсе, бейоппозитивті қатынасқа құрылған грамматикалық категориялар әртекті (біртекті емес) семантикалық ұстаным бойынша қатыстық түрде алынады. Яғни бірінші түрінде категория мүшелері (граммемалар) бірдей мағыналық ерекшелік (единое основание) бойынша оппозитивті қатынастағы грамматикалық категория құраса, екіншісінде категория құрамындағы граммемалар біртекті мағыналық ерекшелігі бойынша ажыратылмайды. Соған байланысты олардың арасында оппозиция не мүлдем болмайды, не болған күнде ол босаң (әлсіз) қатынасқа құрылады, не бұл қатынас түрлері араласып келеді. (Сөз болып отырған «қатынас» - парадигматикалық қатынасқа жатады). Алайда, грамматикалық категория мүшелері әлсіз қатынаста тұрғанмен, мағыналық негіз – тектік ұғым (родовое понятие) олардың басын бір категорияға біріктіріп тұрады.

Тектік ұғым дегеніміз - грамматикалық категория мүшелерін бір топқа біріктіріп тұратын мағыналық негіз, ол категория құрамындағы жекелеген граммемалардың мағынасы емес, тұтас алғандағы грамматикалық категорияның мағынасы. Ал грамматикалық категория құрамындағы жекелеген граммемалардың мағынасы – түрлік ұғым (видовое понятие) дегенді білдіреді. Яғни граммемалар мағынасы мен категорияның жалпы грамматикалық мағынасын (категориялық мағынасын) шатастырмау керек. Мейлің ол категория құрамында қарсы оппозицияда тұрған мүшенің бірі нөлдік формада тұрса да, ол мүше мағынасы (граммеманың жеке мағынасы) жалпы категориялық мағынамен бір емес. Мәселен, қазақ тілінде көптік категориясы екі мүшелі қатаң оппозицияда тұрған категория. Көптік мағынасын *-лар -лер, -дар, -дер, -тар, -тер* жалғаулары білдірсе, оның оппозитивті мағынасы - жекешелік мағына нөлдік формамен беріледі. Бұл жерде мына нәрсені есте ұстау керек. Грамматикалық категория құрамындағы нөлдік формадағы мүше категорияның басқа компоненттерімен бірдей қызмет атқаратын, солардың мағынасындай қандай да бір грамматикалық мағына білдіретін мүше. Сондықтан нөлдік тұлғадағы грамматикалық категорияның құрамына кіретін жеке граммемалардың мағынасы мен грамматикалық категорияның жалпы категориялық мағынасы бір емес. Грамматикалық категория – тектік ұғымға негізделсе, жекелеген граммемалар мағынасы – түрлік ұғымға негізделеді.

Бейоппозитивті қатынас тілде лексика-грамматикалық разрядтардың жүйелік ұйымдасуынан да көрінеді. Лексика-грамматикалық разрядтар дегеніміз – белгілі бір сөз табының құрамындағы грамматикалық сипатталған сөз топтары. Грамматикалық категориялар сияқты лексика-грамматикалық разрядтар

құрамындағы сөздер де семантикалық тектестігіне қарай топтасады, екіншіден, оның құрамындағы сөздердің формалдық көрсеткіші болуы міндетті емес, үшіншіден, бұл топтағы сөздерде морфологиялық формалардың оппозициялық ұйымдасуы болмайды, яғни грамматикалық парадигма құрамайды [59, 157 с.].

Грамматикалық категория құрылымындағы бейоппозитивтілік туралы мәселе қазақ тіл білімінде арнайы зерттеу нысанына ілінген жоқ. Алайда оның жалпы теориялық мәселелері жайлы орыс тіл білімінде Т.В.Булыгина [70 , 188 с.], М.А.Шелякин [71] еңбектерінде сөз болады.

Оппозитивті қатынасқа құрылған грамматикалық категория мүшелері бірін-бір керек етіп тұрады. Бұл әсіресе екі мүшелі категорияларға тән құбылыс. Ал көпмүшелі грамматикалық категорияларда оппозитивті қатынас босаң не мүлде жоқ болатындықтан, ондай категория мүшелері, яғни бір компонент екінші бір компоненттің болуын қажет етпейді. Мысалы, көптік категориясының жекеше мен көпше түрі қатаң оппозитивті қатынаста бір-бірін керек етіп тұрса, олардың екеуі де екілік түрінің (двойственное число) болуын керек етпейді. Ашық рай мен қалау рай (сослагательное) реалдылық (по признакам реальности / ирреальности) тұрғысынан бір-бірінің болуын талап етсе, бұйрық рай формасы беретін бұйрықтық мағынаның болуы жоғарыда аталған екі рай үшін міндетті емес. Сол сияқты септік категориясында әрбір граммеманың болуы екінші бір граммеманың болуының шарты емес. Түркі тілдеріндегі септік санының бірізді болмауы да осының айғағы.

Жалпы алғанда, біздің мақсатымыз грамматикалық категория құраудағы бірден-бір критерий грамматикалық оппозицияны жоққа шығару емес, оны грамматикалық категорияның жүйелі-құрылымдық ұйымдасуының бір жолы ретінде көрсету.

Грамматикалық категория әр тілдің жүйелік құрылымына, грамматикалық құрылысының парадигмалық-сипат ерекшеліктеріне қарай анықталады. Бір тілде бар грамматикалық категория екінші бір тілде болмауы да мүмкін. Айталық, үнді-еуропа тілдерінің көпшілігіне зат есімнің тек категориясы тән. Жанды заттарды биологиялық жынысы жағынан еркек және ұрғашы деп бөлу барлық тілдерге ортақ, бірақ ол ерекшеліктердің тілдегі көрінісі, тілде берілуі бірдей емес. Орыс тіліндегі «род» категориясы белгілі бір жүйелі түрдегі тұлғалар арқылы беріліп, грамматикалық мәнде беріліп, категориялық сипат алса, қазақ тілінде жыныстық ерекшелік жеке сөздердің семантикасынан шықпай, белгілі бір грамматикалық топтағы сөздердің тұлғалық түрлену ерекшелігі болып қалыптаспаған. Сол сияқты орыс тіліндегі зат есімнің жанды-жансыз түрі грамматикалық категория болып есептеледі де, қазақ тіліндегі зат есімнің кімдік-нелік түрі грамматикалық тұлғалануға қатысы болмағандықтан, грамматикалық категория бола алмайды [2, 58 б.].

Қорыта айтқанда, грамматикалық категориялар тілдік табиғаты жағынан тектік және түрлік ұғымдарға сүйенеді. Мағыналық және тұрпаттық (тұлғалық) белгілері бойынша категориялық мәнді білдіріп, белгілі бір сөз табының парадигмалық сипаттағы түрлену жүйесі болып табылады. Ал грамматикалық категориялардағы оппозитивті қатынас грамматикалық категорияның жүйелі-құрылымдық ұйымдасуының бір жолы болып табылады.

